

## М.ӘУЕЗОВТИҢ «АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАН-ЭПОПЕЯСЫНДАҒЫ ҚҰНАНБАЙ БЕЙНЕСІ ХАҚЫНДА

Сыдықова Гүлсара Аралбайқызы,  
аға оқытушы, Орталық Азия инновациялық университеті,  
Қазақстан, Шымкент

**Аннотация:** Бұл мақалада ХХ ғасырдағы қазақтың кемеңгер жазушысы М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы дүниежүзілік әдебиеттің алтын қорынан орын алған шығармасы әсіресе, Құнанбай бейнесі хақында айтылған.

**Кілт сөздер:** роман-эпопеясы, шығарма, ғаламат туындысы, қазақ батыры, азаматшылығын жырлайды, қазақтың хандары, аңызға айналған батырлар, данышпан билер, ардагер ақсақалдар.

Уақыт озған сайын болмыс-бітімі күрделене түсіп, қат-қабат сыр қойнауының жаңа кеніші айқындалып келе жатқан ХХ ғасырдағы қазақтың кемеңгер жазушысы М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы–дүниежүзілік әдебиеттің алтын қорынан орын алған шығарма. Әлем әдебиетінің ең таңдаулы шығармалары енген 200 томдық жинағына осы роман-эпопеяның екі кітабы бірдей енген екен. Өткен ғасырдың ғаламат туындысы ретінде танылған роман-эпопеяда бастан-аяқ ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ қоғамындағы руаралық қақтығыс желі тартып жатыр. Осы қиян-кескі тартыстарда текті әулеттің азулы өкілі ретінде кесек тұлғасымен көрінетін бейне, қазақтың ұлы ақыны Абайдың әкесі – Құнанбай.

Кезінде М.Әуезовтің осы роман-эпопеясы туралы, әсіресе, Құнанбай бейнесі хақында айтылған пікірлер әр алуан. Мәселен, қазақ батыры Бауыржан Момышұлы: «Я очень недоволен... М.Әуезовтің «Абайы» – ұлы шығарма, бірақ кейбір жерлерімен келіспеймін. Неге? Себебі не? Ол кісі Абайды көтеремін деп, Құнанбайды кемітеді. Бұл үлкен қате деп білемін. ...Мұхаң саясатқа бейімделуге барды. Құнанбай – қазақтың Иван Грозныйы. Иван Грозный мақсатына жетті, бірақ Құнанабай ойына жете алмады. Мұхаң осыған түсінбеді. Мен бұл ойымды Мұхаңа айтқанмын. Құнанбай қазақ мемлекетін жасауға ұмтылған еді» [1;11], —дейді.

30-шы жылдардан кейін заманының саяси әткеншегі қалай тербелетінін жіті бақылаған жазушы қаламын тежеп, шығармаларын аса сақтықпен жазды, көңіл түкпіріндегі ойын қағаз бетіне еркін көсіліп түсіре алмады. 1929 жылы көкек айының 19-ы күні «Советская степь» газетінде М.Әуезовтің шығармашылығын талқыға салған мақалада О.Исаев пен І.Құрамысов: «Ол өзінің барлық шығармаларында қазақтың тіршілігін өткенді көксеген байдың көзқарасы арқылы баяндайды, қазақтың ескілігін, азаматшылығын жырлайды, қазақтың хандарын, аңызға айналған батырларын, данышпан билерін, ардагер ақсақалдарын және сал-серілерін мадақтайды, мадақтағанда да үнемі жағымды, бүгінгі күннің өзінде де оларды қадір тұтуға, үлгі етуге болатындай етіп суреттейді,» деп жазды. Ғ.Тоғжанов пен Ә.Байділдин, Х.Жүсіпбековтер жазып, С.Сапарбековтер қол қойған ашық хаттан кейін қазақ интеллигенциясының бірқатары түрмеге тоғытылды. 30-шы жылдардың басында М.Әуезовтің де абақтыға жабылғаны белгілі. Роман жазылмай тұрып-ақ, осындай қуғын-сүргінге түскен жазушыда творчество еркіндігі болғанда, Құнанбай образын бұдан да кемел түрде сомдауға оның жазушылық қарымы, шығармашылық диапазоны еркін жетер еді. Сондай-ақ, романның 500-ге тарта тұсы жазушының келісімінсіз цензура тарапынан қысқартуға ұшырағанын айта кеткен жөн.

Роман бойынша Құнанбайды аса қатыгез етіп көрсеткен оқиға Қодар мен Қамқаның шарифат үкімімен жазаға тартылуы. Осы трагедия арқылы сұрқай қала тіршілігінен жалығып, туған даласын аңсап, құстай ұшып келген Абайды тоқырата, шыңырауға әкеп тірейді. Әлгінде ғана сағынып келген, тіпті қойнауындағы ұры-қарысымен қоса бауырына басқысы келген сахара бұған тосын мінез көрсетіп, қатал қабақ танытты. Шаттана тасыған көңілге шытынап түскен сызат осы қатал үкімді іске асырған әке мен бала арасындағы ғана емес, ескі мен жаңа арасындағы болашақ күрестің алғышарты болатын. Осы оқиғаны М.Әуезов көркемдік тұтқа ретінде

пайдаланды, әдебиет зерттеушісі Т.Жұртбайдың сөзімен айтқанда, оны адамның жан-дүниесін шарпитын, өзегін өртейтін өзгеше психологиялық қопарғыш ретінде пайдаланды [2;33].

Романға сүйенсек, мұндағы Қодар мен Қамқа жалған жаланың құрбаны болып, қатыгездікпен өлтірілген жазықсыз жандар. Шығарма желісі соншалықты шынайы өрбіген. Құнанбай Қодарға тиесілі шұрайлы жерді өзіне қарату үшін Қодар мен Қамқа екеуін зинақорлық әрекетке барды деп, елдің алдында ауыр жазаға тартады. Қодар мен Қамқаны алдымен түйенің қомына дарға асып, артынан құздан төменге лақтырылған денеге «тасборан» жаудырылады. Оқиғаның тарихтағы шынайы кейпіне қарар болсақ, жаза мұнымен бітпейді. Шарифат үкімі бойынша зинақорлық жасағандардың денесін қара жер қабылдамайды деп, олардың жансыз денесін өртеп, күлін желге ұшырып жіберген. Соңғы жаза туралы романда сөз болмайды.

Кезінде Қодар мен Қамқа оқиғасы Абай мен Құнанбай жолының екіге айрылар тұсы, Құнанбай жауыздығының шыңы деп бағаланды. Құнанбай образы туралы әдебиет сыншылары біржақты баға беріп, Құнанбай Қодардың жерін тартып алу үшін өлтіртті деп көрсетеді. Оқырман қауымның көпшілігі Құнанбайды осы қатыгез, озбыр қалпында қабылдады немесе Құнанбай тиісінше бағаланбады деген ойда қалды. Біз мақаламызда тарихтағы Құнанбай мен кейіпкер Құнанбайдың арақатысы қандай, өмірлік шындық көркемдік шындыққа қалай ұласты деген мәселелер төңірегінде сөз қозғап, Құнанбайды қатыгез етіп көрсеткен әрекеттердің астарына назар аудармақпыз. Шындығында Құнанбайға жауыздық таңбасын басқан осы оқиғаның ақ-қарасы қандай еді, соған үңіліп көрейікші.

Әйгілі Қодар-Қамқа оқиғасының мән-жайына қанық Абайдың туысы Шәкәрім Құдайбердиевтің «Қодардың өлімі» дастанында Қодардың ардан аттағандығы, соған қарай әділ жазасын тартқандығы жайлы айтылады:

Ол Қодар – барымташы, ердің басы,

Жыртылмасын деп жүрген ел жағасы.

Ар сүймейтін бір істі қылғаннан соң

Аямаған Олжайдың кәрі-жасы,—деп, «ар ұялар іс қылған» (Абай) Қодар мен Қамқаны айыптайды. Қодар—Қамқа оқиғасы жайлы ғалым М. Бөжеев: «Ел арасына жайылған әңгіме бойынша Қодар—жұрт алдында айыпты, ол келініне қиянат еткен, шарғат жолынан шыққан ұятты адам. Оның мойнында кешірілмейтін күнә бар. Сондықтан Қодар өлімге бұйырылды. Құдайбердіұлы Шәкәрім жазған шығармада да Қодар ақ емес. Ал Мұқтар шығармасындағы Қодар Құнанбайдың арам пиғылынан туған қатал әмірдің құрбаны, жазықсыз жан. Бұған қарағанда М.Әуезов ел ішінен жинаған әңгімелердің бәрін сол күйінде пайдалана бермеген. Оларды жұрт айтуынша баяндаса, кейін өзгерткен» [4.16],-дейді. Шындығында, Құнанбай астыртын кісі жіберіп, Қодар мен Қамқа туралы тараған қауесеттің ақ-қарасын мұқият тексереді. Растығына әбден көз жеткізіп, көп ойланып, молдалар шығарған пәтуа негізінде жазаға тартқан. Қодардың меншігіндегі Қарашоқыны Құнанбай қолын қанға малымай-ақ, былайша тартып алса да шамасы жетер еді. Құнанбай қабылдаған шешім Шәкәрімнің дастанындағы:

«Алтынды ер атқа тисе отқа жақ» деп,

Өз бауырып өлтірген ер данасы.

Не күндестік немесе кек қуған жоқ,

Ел бұзбауға ойлаған бұл айласы, дейтін үрім-бұтақтың азғындамауы үшін жасалған қатал да әділетті кесім [3;133]. Расында, зинақорлыққа барған Қодар мен Қамқаны жазасыз қалдырар болса, мұны көрген елдің көзі үйреніп, еті өліп кетпей ме? Егер олай етпесе, туған анасы қызының (Қамқаның –Г.С.) теріс қылығынан жиреніп, сырт айналғанда, соңғы сағаты соққанша тәубеге келмеген Қамқа сияқтылардың көбеймеуіне кім кепіл? Сондықтан, Құнанбай өзгелерге ой салып, сабақ болу үшін қос бейбақты аямаған. Осыған ұқсас жай Көкпекті деген ауылда бұрын да болған екен,

бірақ ауыл үлкендері айыпкерлерді өзге ауылға көшіріп жіберумен шектелген [5;20]. Егер сол ауылдың үлкендері Құнанбай сияқты батыл шешім қабылдағанда Қодар-Қамқа оқиғасы орын алмас па еді, кім білсін... М.Әуезов бұл шындықты білді, осы оқиғаның мән-жайын өз атасы Әуезден, Шәкәрім Құдайбердіұлынан естіген. Осы тарихи оқиғаны өзінің суреткерлік мақсатына қарай өзгертіп, болашақ үлкен тартыстарға алып баратын кілт ретінде пайдаланды. Жазушының өзі: «Менің шығармам – көркем шығарма. Менің басты кейіпкерім – Абай, барлық қатысушы, яғни 5250-ге тарта кейіпкер Абайға қызмет етуі керек. Абай образын сомдауым керек. Оқырман осыны түсіне бермейді. Түсінсе екен деп тілеймін,» [6;16]. — деген болатын. Әйтсе де, зерттеуші Т.Жұртбай «Асыл арна» телеарнасы түсірген «Құнанбай» фильмінде бір де бір рет авторлық тексте «олар (Қодар мен Қамқа С.Г.) бұл қылмысты жасамап еді, жазықсыз еді» деген сөз кездеспейтінін айтады.

Романдағы Әмір мен Үмітей арасындағы ғашықтық хикаясында да Құнанбай аса қатыгез боп көрінген. Өз немересі Әмірді буындырып өлтірмекке оқталып, ол ойы іске аспаған соң қарғыс айтып, теріс бата береді. Неге? Әмірдің Үмітейге ессіз ғашық болғаны үшін бе? Тарихи деректерге сүйенсек, бұл жерде де Құнанбай ұрпағының азғындап бара жатқанына бейжай қарай алмаған. Әмір мен Үмітей – бір әкеден туылған ағайынды екі кісінің ұлы мен қызы, екеуі де Құнанбайдың немерелері. Екі әйелі, бала-шағасы бар Әмір Үмітей ұзатылып кеткен соң да айылын жимайды. Үмітеймен туыс болмаған күннің өзінде де өзгенің некелі жарына жармасу қанша жерден Ырғызбай тұқымы, сал-сері болса да, мұнысы арсыздық, опасыздық еді. Жазушының өзі де романда: «...Абай Әмір мен Үмітей үшін мына жұрт өсегінен қысылып кетті. Мыналарға да, өзіне де ауыр болды-ау деп қысылу үстіне ұялып барады», «...Шолақ теректегі ел бұл келіске сұмдықтай қарады, сол ауылдың аталық, елдік абыройын таптағандай көрінді», «...Үмітей болса, бұған сіңілі есепті еді. Айғыз сол

төркінінің тойынан ашуланып қайтты» [7.4;294],—деп емеурін танытады. Тіпті Құнанбайдың ата жауының өзі Қаратай да: «Сен мен менің өлер күнімізде бетке таңба түсті. Сені аяғанмен, айтпай тына алмадым. Өзге кімге айтушы ем!» [7.4:295] —деп қипақтайды. Абайдың өзі: «Бұларды шарифат қосады,» [7.4.449] —деп, арабтардың немерелес туыстарына үйлене беретінін меңзейді. Бірақ араб та, қазақ та мұсылман болғанымен, әр халықтың өз ұстанымы, қағидасы бар. Арасы жеті атаға толмай қыз алыспайтын қазақ халқы үшін туыс жандардың көңілдес болуы — адамшылықтан шығу болып саналады. Қазақ еліне қызмет бабымен келген сол мұсылман арабтар қазақтардың жеті атаны араға салмай қыз алыспайтынына қызыға қарайды екен. Қазіргі ғылымның өзі туыстас некеден дені сау ұрпақтың тарауы нейғабыл екенін дәлелдеп отыр. Ендеше, Құнанбайдың: «Менен туған арам қан, бәдбақыт нәсілдерім мына екеуі. Жаратқан ием, я Кәрім Алла, менің қолымнан өлтіртпедің. Бәндеңнің бар тілегі сол болсын, Ал мына екеуін! Жібер өзіңнің ақ бұйрықты ажалыңды! Уын, зәрін өзгеге жаймай тұрғанда, жой көздерін жоғалғырлардың!» [7.4;450] деп теріс бата беруі жан күйзелісінен туындап отыр. Бұл үшін Құнанбайды жастардың бақытына қарсы шықты деп айыптай алмаймыз. Егер атасы мен келіннің, ағасы мен қарындасының әуейілігіне тыйым салмаса, ол Құнанбайға мін болар еді. Қажылықтан келген соң дүние тірлігінен бойын аулақ салып, қалған өмірін Аллаға құлшылық етуге арнаған Құнанбай намазда отырғанда немересі Әмір көргенсіздік танытқанда қарғыс айтуы да азғындыққа шыдамаудан туған жан ашуы еді.

Біз өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарына дейін Құнанбайды М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы Құнанбай бейнесі бойынша қабылдап келдік. Құнанбай бейнесі бұрмаланып жетті. М.Әуезов Құнанбайдың тарихта қандай адам болғанын жақсы білді. Алайда социалистік реализм әдісі оған ашық жазуға мүмкіндік бермеді. Құнанбайдың шынайы бейнесін романда қаз-қалпында көрсету кеңестік

дәуірде мүмкін емес болатын. Есесіне қазақ жеріне жер аударылып келген поляк қайраткері Адольф Янушкевичтің қазақ елі, Құнанбай туралы естеліктері 1861 жылы Парижде, 1875 жылы Берлинде жарияланды. Ол туралы Құнанбайдың өзі де, М.Әуезов те білмеген. 1970 жылы ғана орыс ғалымы Ф.Стеклова осы басылым туралы О.Сүлейменовке айтады. АҚШ аудармашылары М.Әуезовтің әйгілі романын ағылшын тіліне тәржімалағанда «Абай жолы» деп емес, «Құнанбай» деген атпен жариялауы нені байқатады? М.Әуезов Құнанбай образын қалағанынша көрсете алмады десек те, бәрібір, Құнанбай бейнесі кесек шыққан. М.Әуезовтің қолданған әдісі Э.Хемингуэй айтқан мұзартты еске түсіреді. Әдетте, мұзарттың 9 бөлігі су түбінде көрінбей жатады екен. Құнанбай бейнесі де осы мұзарт сияқты. Романды үстірт оқыған адам мұзарттың су бетіндегі бір бөлігін ғана байқап, су астындағы 9 бөлігін көре алмайтыны тәрізді, жазушының күрделі конструкциясын ажырата алмайды.

Жазушылар кейде автоцензуралық әдісті де пайдаланатын кездері болады. Әдеби шығармадағы автоцензура—сол замандағы идеология салдарынан ойын ашық айта алмаған тұстарда қолданылатын жазушылық тактика. Мәселен, М.Әуезов "Абай жолы" роман-эпопеясында Құнанбай бейнесін «неғылайыны жоқ» қатыгез етіп көрсеткенімен де, шығарма ішіндегі кішкентай детальдар арқылы оны қайта жоққа шығарып отырады: «Барлық жиын жалғыз төбені дүрс-дүрс басып, Шыңғысқа қарай тартты. Аттылардың қалың ортасында Құнанбай келеді. Ырғызбайдан тараған мына жиырма ауылдың мынандай топтарының ішінен бірде-бір жан әлі күнге Құнанбайдың алдынан көлденең шығып көрген емес. Тіпті өкпе-назы болса да ашып-жарып айта алмайтын. Ал бірақ Құнанбай сойыл соғарды, қол қимылды, тізе мен ызғарды керек қылған жер болса, бұл қауымның іркілетін бірі жоқ. Шоқтай жиын—мықты топ. Жер алуда, ел алуда, онайдан мал табуда бұлар Құнанбайдың қабағын қалт еткізбей түсінеді. Неше қабат бәйбіше-тоқал болып жатқанымен, Құнанбай бұлардың арасында араздық

болып жатса, лезде жойып отырады. Араздық ұстағанын әлденеше рет пайдадан, олжадан қалдырып, жазалап отырып, өз ырқына көндіреді. Өзара бірлігі табыс екенін жете танытқан. Соны ұққалы осы Ырғызбай шетінен бай болып алды», «...Ырғызбайдың мына тобы Құнанбайды қоршап келе жатқанымен, «қайда көшіп барамыз?» «неге көштік?» деген сөзді сұраған емес. Дағды бойынша «жаманға, залалға бастап бара жатқан жоқ! Күні ілгері көреміз» дескен. Жүріп келе жатқан топ намаздағы имамдай ғып зор денелі Құнанбайды алға салып келеді. Бірен-саран жастардың аттарының басы оқыс ілгерілеп кетсе, қасындағы үлкендері зекіп, күбір етіп: «Тарт! Шегін!» деп тойтарып тастайды» [7.1.60]. «Мырза кім?» дегенге Қаратай жауап беріп: «Мырза–Құнанбай»,—деді. Тағы біраздан соң жиын: «Шешен кім?»—деді. Тағы Қаратай жауап беріп: «Шешен – Құнанбай!»—деді. Аздан соң және бір оралып кеп: «Жақсы кім?—десті. Өлгі Қаратай және жауап беріп: «Жақсы – Құнанбай!» —деді. Сол кезде Байсал басын жерден жұлып алып: «Мырза – Құнанбай екен, шешен – Құнанбай екен, жақсы – Құнанбай екен! Ендеше, не көкіп алысып жүрміз онымен?» —деді. Соған Қаратай іле жауап беріп: «Мен Құнанбайдың өзге жағынан мін тауып жүрмін бе? Жалғыз-ақ «не қылайыны» жоқ қой, сондықтан кетіп жүргенім жоқ па?»—деді» [7.1.138-139]. Құнанбайдың жауласып жүрген адамдарының өзі оның ерекше жаратылыс екенін мойындаған. Романнан алынған үзінділерден қорытынды жасар болсақ: Құнанбай ел бірлігін сақтай білген; елі Құнанбайға сенеді; кәрі-жасы түгел құрметтейді; Құнанбай – Тобықты руының ең беделді адамдарының бірі. Жазушы Құнанбайдың осы қасиеттерін санамалап ашық жазбағанымен, кейіпкер тілімен, елеусіз детальдар арқылы танытып отыр. М.Әуезов өз шығармашылығында тарихи шындықтан гөрі дәуір шындығына көбірек жүгінді. Кеңестік идеология тұсында жазушы талай түйінді мәселелерді ашық жазбағанымен, таратып айтқысы келген ойын емеурінмен болсын таныта білді.



**Пайдаланган адабиеттер:**

1. Момышұлы Б. Көз алдымда бәріңсің. –Тараз, 2007
2. Жұртбаев Т. М.Әуезовтің шығармашылық өмірі мен көркемдік әлемі. Филология ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. –Алматы, 2000
3. Құдайбердиев Ш. Шығармалары. –Алматы, 1988
4. Бөжеев М. М.Әуезов. Библиографиялық көрсеткіш. –Алматы, 1996
5. Исабаев Б. Қодар мен Қамқаны өлтіруі қаттылық емес, халық ішін тазарту//Аңыз адам, №13, 2015
6. Жұртбай Т. Құнанбай өз иығымен көтеріп, Абайды биікке шығарып тұр. //Аңыз адам, №13, 2015
7. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы, -Алматы, 1979-1983

*Bul dúnýaniñ kórki adam balası  
Ajiniyaz*

Ajiniyaz atındaǵı  
NÓKIS MÁMLEKETLIK  
PEDAGOGIKALÍQ INSTITUTÍ

**N M P I**  
1934